

***КОРПОРАЦИЯ ҚАРЖЫСЫНЫҢ ЖАЙ-  
КҮЙІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫНЫҢ  
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ  
ЖОЛЫ***



# **1. Компания жөніндегі қаржы ақпаратының көзі**

**Қаржы есеп-қисабы** – пайдаланушыға кәсіпорын қаржысының жай-күйі мен өзінің қызметі, сондай-ақ осы пайдаланушы белгіленген іскерлік шешім қабылдау үшін оған есепті кезеңде кәсіпорын қаржысының жай күйінде орын алғн өзгеріс жөнінде қолайлы және түсінікті нысанда жинақталып қорытындаланған ақпарат беру мақсатында қаржы есебі дерегінің негізінде жасалған есеп-қисап нысанының жиынтығы.

Кәсіпорын қызмет туралы ақпаратқа мүдделі тарапты сыртқы және ішкі пайдаланушыға деп аталатын екі негізгі санатқа шартты түрде бөлуге болады.

**Ішкі пайдаланушыға** кәсіпорынның басқарушылық қызметкерлері жатады. Бұл қызметкерлер өндірістік және қаржы сипатындағы түрлі шешім қабылдайды. Мысалы, кәсіпорынның келесі жылға арналған қаржы жоспары есеп-қисап негізінде жасалады, сондай-ақ сатудың, сатылатын тауардың мөлшерін ұлғайту немесе азайту, кәсіпорын ресурсын инвестициялау бағыты, кредит тартудың орындылығы және т.б. жөнінде шешім қабылданады. Дұрыс шешім қабылдау үшін толық, уақытылы және дәл ақпарат қажет болады, ал кері жағдайда кәсіпорын көп шығынға батуы, тіпті банкротқа ұшырауы да мүмкін.

Сонымен бірге қаржы есеп қисабы кәсіпорын мен оның сыртқы ортасының расын байланыстыратын буын болып табылады. Кәсіпорын жағдайында сыртқы пайдаланушыға есеп қисап бергенде ең алдымен қаржы нарығына қосымша қаржы ресурсын алуды мақсат тұтады. Сөйтіп, кәсіпорынның келешегі қаржы есеп қисабында не көрсетілгеніне байланысты. Кәсіпорынның жоғары басқарушылық деңгейінің қаржы менеджерлері кәсіпорын мен қаржы нарығының арасында тиімді байланысты қамтамасыз ету үшін жауап береді. Сондықтан менеджер үшін қаржы қисабының маңызы зор, өйткені ол сыртқы пайдаланушы қандай ақпарат алатынын және сол ақпараттың сыртқы пайдаланушыға қабылдайтын шешімге қалай әсер ететінін білуі тиіс.

Қаржы есеп қисабын сыртқы пайдаланушылар екі топқа бөлінеді: кәсіпорын қызметіне **тікелей мүдделі** пайдаланушы және **жанама мүдделі** пайдаланушы

Бірінші топқа:

- 1.кәсіпорынның құрал-жабдығының қазіргі және ықтимал меншік иесі,** оған кәсіпорынның меншіктік қаражат үлесінің ұлғайғанын немесе азайғанын анықтау, сондай-ақ компания басшылығының ресурсты тиімді пайдалануын бағалау қажет;
- 2.қазіргі және ықтимал кредитор,** ол есеп қисапты кредит беру немесе оны ұзартудың мақсатқа сәйкестігін бағалайды.
- 3.осы клиентпен жасалатын іскерлік байланыстың сенімділігін анықтайтын жеткізуші мен сатып алушы;**
- 4.мемлекет** атынан ең алдымен бұл есеп-қисап құжатының, салық есептудің дұрыстығын тексеретін, салық саясатын белгілейтін салық органы;
- 5.еңбек ақы деңгейі және осы кәсіпорында жұмыс істеу келешегі қызықтыратын компания қызметкерлері.**

Сыртқы қаржы есеп-қисабын пайдаланушының екінші тобы - бұл пайдаланушының бірінші тобының мүддесін қорғау үшін есеп-қисапты зерттеу қажет заңды және жеке тұлға. Аталмыш топқа төмендегілер кіреді:

1. Есеп-қисап деректерін инвестордың мүддесін қорғау мақсатында заңнамада және жалпы қабылданған ережеге сәйкестігін тексеретін **аудиторлық топ**;
2. Есеп-қисапты өз клиентінің капиталын сол немесе басқа компанияға салу қатысында ұсыным әзірлеу мақсатында пайдаланатын **консультант**;
3. Есеп-қисапты берілген ақпаратты бағалайтын **құнды қағаз биржасы**;
4. Фирманы тіркеу, компания қызметін кідірту жөнінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ есеп жүргізу және есеп-қисап жасау әдісін өзгерті қажеттілігін бағалайтын **тіркеуші және басқа да мемлекеттік орган**;
5. **Заңнама орган**;
6. **Заңгер** есеп-қисапты келісім шарт ережесін орындалуын бағалау , пайданы бөлуде және дивиденд төлеуде заңнама нормаларының сақталуын бағалау, сондай-ақ зейнетақымен қамтамасыз ету ережесінің сақталуын анықтау үшін қажет;
7. **Баспасөз және ақпараттық агенттік** есеп-қисапты жекелеген компания мен саланың қызметін шолу дайындау
8. **Сауда өндірістік қауымдастық** есеп-қисапты сала бойынша статистикалық қорытынды үшін және қызмет нәтижесін салалық деңгейде бағалау үшін пайдаланады.
9. **Кәсіподақ.** Еңбекақы мен еңбек келісім шартты ережесі қатысында өз талаптарын анықтау, сондай-ақ осы кәсіпорын жататын саланың даму үрдісін бағалау үшін қаржы ақпаратына мүдделі.

*ҚР кәсіпорындарының қаржы есеп-қисабына:*

- 1. Бухгалтерлік баланс;*
- 2. Кіріс пен шығыс есебі;*
- 3. Ақша қозғалысы жөніндегі есеп;*
- 4. Меншікті капиталдағы өзгеріс жөніндегі есеп;*
- 5. Есептік саясат түсіндірме жазба жөніндегі ақпарат кіреді.*

***Бухгалтерлік баланста ұйымның қолында бар актив, меншікті капитал мен міндеттемелер көрсетіледі.***

***Кіріс пен шығыс жөніндегі есепте ұйымның есептік кезеңіндегі қаржы нәтижесі сипатталады.***

***Ақша қозғалысы жөніндегі есептің негізгі мақсаты заңды тұлғаның есепті кезеңде ақшасының түсуі мен кетуі жөнінде ақпарат беру болып табылады.***

***Меншікті капиталдағы өзгеріс жөніндегі есепте меншіктік капиталдың есепті кезеңдегі құрылымы мен оның санындағы өзгеріс баяндалады.***

Бүкіл есеп-қисап ақпараты түрлі экономикалық белгіге сәйкес жекелеген ірілендірілген бапқа топтастырылады. Халықаралық практикада осы бап қаржы есеп-қисабының элементі деп аталады. Қаржы есеп-қисабының негізгі элементіне актив, міндеттеме, меншікті капитал, кіріс, шығыс, пайда мен залал жатады. Алғашқы үш элемент кәсіпорынның құрал-жабдығын және осы құрал-жабдық межеленген күні тартылған көзді сипаттайды, қалған элемент есепті кезеңде кәсіпорын қаржысына ықпал еткен және алғашқы үш элементті өзгерткен операция мен шаруашылық өмірдің оқиғасын білдіреді.

# Қаржы есеп қисабын талдау әдістері

Есеп-қисапты талдаудың мынандай әдістері болады;

1. есеп қисапты оқу;
2. деңгейлес талдау;
3. сатылас талдау;
4. трендік талдау;
5. қаржы коэффициентін есептеу.

**Есеп-қисапты оқу** - бұл есеп-қисапты берілген абсолюттік көрсеткішті зерттеу. Есеп-қисапты оқу арқылы кәсіпорынның мүлкілік жағдайы. Оның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициясы, нақты активке және қаржы активіне салынған салымы, меншікті капитал мен қарыз қаражат қалыптастыру көзі анықталады, сондай-ақ кәсіпорынның жеткізушімен және сатып алушымен, қаржы кредит мекемесімен жасайтын байланысы бағаланады, негізгі қызметтен алынатын түсімі мен ағымдағы жылдың пайдасы бағаланады.

**Деңгейлес талдау** есеп-қисаптың әр алуан түрлі бабының өткен жылмен, жарты жылмен немесе тоқсанмен салыстырғанда абсолюттік және салыстырмалы өзгерісін анықтауға мүмкіндік береді.

**Сатылас талдау** есеп-қисаптың 100%-ы ретінде қабылданатын жалпы, қорытынды көрсеткішіндегі жекелеген баптың өзіндік салмағы анықтау мақсатында жасалады.

**Трендік талдау** барлық көрсеткіш 100% ретінде қабылданған базистік жылдың деңгейіне бірқатар жылдың есеп қисабының көрсеткішінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделген.

**Қаржы коэффициенті** есеп-қисаптың әр алуан бабының арасындағы қаржы үйлесімін сипаттайды. Қаржы коэффициентінің басты ерекшелігі - ол жеңіл есептеледі және инфляцияның ықпалын жояды, ал мұның өзі ұзақ мерзімді тұрғыда талдау кезінде маңызды. Қаржы коэффициентін есептеу әдісінде біріншіден, тиісті көрсеткіш есептеледі және екіншіден, осы көрсеткіш төмендегі қайсы бір базамен салыстырылады, мысалы;

- жалпы қабылданған стандартты параметрмен;
- орташа салалық көрсеткішпен;
- өткен жылдардың осындай көрсеткішімен;
- талданатын фирманың қайсы бір басқа көрсеткішімен;



Егер нақты қаржы коэффициентінің деңгейі салыстырылатын базадан нашар болса, онда бұл жағдай компания қызметінің қосымша талдау қажет ететін ауыртпашылық түсетін тұсын меңзейді. Осыған қарамастан қосымша талдау кезінде сол немесе басқа коэффициентті есептеуде анықталған алдын ала жағымсыз баға расталмауы да мүмкін. Мәселен, бірқатар жағдайда коэффициенттің сол немесе басқа мөлшері нақты кәсіпорынның нақты жағдайының айырмашылығы мен іскерлік саясатының ерекшелігіне байланысты жалпы қабылданған стандартты нормаға сәйкес келмейді. Мысалы, көп компанияның қызметі әртараптандырылған, сол себептен оны сала шектерінде орташаланған коэффициентпен салыстыру әруақытта негізді бола бермейді; өйткені жылдарда нақты қол жеткізілген деңгей кәсіпорынның тиісті жылдағы қажетін қанағаттандыру үшін оңтайлы болуы мүмкін емес немесе өткен жылдарда осы деңгей оңтайлы болса да есепті кезең үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Қаржы коэффициенті бухгалтерлік әдістегі айырмашылықты сезінбейді, сонымен бірге құрамдастың санасын көрсетпейді. Ең соңында, ол тұрақтылығымен сипатталады. Алайда айтылғанның барлығы қаржы коэффициентін қаржының басқаруда пайдалану мүмкін емес деген ұғымды білдірмейді. Аталмыш коэффициентті пайдаланғанда қойылатын шектеуді түсіну қажет, сонымен бірге көрсеткіш зерттелетін мәселені түсіндірмейді және оны тек талдау құралы ретінде қарастыру қажет.

# **Есеп-қисаптың негізгі қаржы коэффициенті**

**Қаржыны талдауда келесі қаржы коэффициентінің топтары ең маңызды болып табылады:**

- 1. өтімділік коэффициенті;**
- 2. іскерлік белсенділік коэффициенті;**
- 3. пайдалылық коэффициенті;**
- 4. төлем қабілеттілігі немесе капитал құрылымы коэффициенті;**
- 5. нарықтық белсенділік коэффициенті.**

**Өтімділік коэффициенті** кәсіпорының өзінің қысқа мерзімді міндеттемесін есепті кезең ішінде төлеу мүмкіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы коэффициенттің ең маңыздысы мыналар болып табылады:

1. Өтімділік коэффициенті:

$$K_{\text{ал}} = \frac{ДС + КФВ}{КО} \text{ (нормативтік мағынасы } 0,2 - 0,3)$$

2. Абсолюттік өтімділік коэффициенті:

$$K_{\text{мл}} = \frac{ДС + КФВ + ДЗ}{КО} \text{ (нормативтік мағынасы } 0,7 - 0,8)$$

3. Жалпы өтімділік коэффициенті:

$$K_{\text{ол}} = \frac{ДС + КФВ + ДЗ + З}{КО} \text{ нормативтік мағынасы } 1,0 - 3,0$$

4. Таза айналым капиталы:

$$ЧОК = ОС - КО,$$

мұнда: АҚ – ақшалай қаражат;  
КФВ – қысқа мерзімді салымы;  
ДЗ – дебиторлық берешек;  
З – запас;  
КО – қысқа мерзімді міндеттеме.

Таза айналым капиталының оңтайлы сомасы компания қызметінің ерекшелігіне, атап айтқанда кәсіпорынның мөлшеріне, сату мөлшеріне, материалдық-өндірістік запастың айналымдылығының жылдамдығы мен дебиторлық берешекке, кәсіпорынға кредит беру ережесіне, саланың ерекшелігіне және шаруашылық жағдаятына байланысты.

Кәсіпорын қаржысының жай-күйіне таза айналым капиталының жетіспеуі де, сонымен бірге оның артығы да жағымсыз әсер етеді. Аталмыш қаражаттың жетіспеуі кәсіпорынды банкроттыққа әкеп соқтыруы мүмкін. Таза айналым капиталының оңтайлы қажеттіліктен айтарлықтай артуы ресурстың тиімсіз пайдаланатынын растайды.

**Искерлік белсенділік коэффициенті** кәсіпорын өзінің қаражатын қаншалықты тиімді пайдаланатынын талдауға мүмкіндік береді. Әдетте, осы топқа айналымдылықтың әр алуан көрсеткіші жатады. Аталмыш көрсеткіш компания қаржысының жай-күйін бағалауда маңызды, өйткені қаражат айналымының жылдамдығы кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне тікелей ықпал етеді. Осы топтың негізгі коэффициентіне мыналар жатады:

### **1. Активтің айналымдылық коэффициенті:**

$$K_{oa} = \frac{ЧВ}{АКТИВЫ} ,$$

мұнда: ЧВ – таза түсім.

Коэффициент кезең ішінде пайда әкелетін өндіріс пен айналымның қанша толық циклі жасалатынын немесе активтің әрбір бірлігі сатылған өнімнің қанша ақша бірлігін әкелгенін көрсетеді.

### **2. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті (сатып алушы бойынша ғана):**

$$K_{одз} = 365 : \frac{ЧВ}{ДЗ}$$

мұнда: ДЗ – дебиторлық берешек.

Коэффициент есепті кезең ішінде дебиторлық берешек ақшалай қаражатқа орташа қанша рет айналғанын немесе дебиторлық берешектің күнмен есептелген ұзақтығын көрсетеді. Коэффициентті орташа сапалық көрсеткішпен және кредиторлық берешектің айналымдылық коэффициентімен салыстырған орынды.

### **3. Материалдық-өндірістік запастың айналымдылық коэффициенті:**

$$K_{\text{окз}} = 365 : \frac{\text{СРП}}{\text{КЗ}},$$

мұнда: СРП<sub>с</sub> – сатылған өнімнің өзіндік құны (коэффициент компанияға табыс етілген шотты төлеу үшін қанша күн қажет екенін көрсетеді).

### **4. Материалдық-өндірістік запастың айналымдылық коэффициенті:**

$$K_{\text{омпз}} = 365 : \frac{\text{СРП}}{\text{МПЗ}},$$

мұнда: МПЗ – материалдық-өндірістік запастың құны.

Коэффициент материалдық-өндірістік запасты сату үшін (төлемсіз) қажет екенін көрсетеді. Айналымдылық көрсеткіші неғұрлым жоғары болса (күнмен есептелген айналымдылық кезеңі қысқа), айналым қаражатының осы өтімсіз бабында соғұрлым аз қаражат шоғырланады және кәсіпорынның қаржылық жағдайы мысалы, тауарды барынша аз пайдамен немесе мүлдем пайдасыз сату есебінен сату мөлшері ұлғайту, яғни запас айналымдылығының жеделдеуі компания қызметінде осы сияқты келеңсіз жағдайдың орын алғанын көрсетеді.

### **5. Операциялық циклдің күнмен есептелген ұзақтығы:**

$$\text{ДОЦ} = \text{ОДЗ} + \text{ОМПЗ},$$

мұнда: ОДЗ – дебиторлық берешектің айналымдылығы, күн;  
ОМПЗ – материалдық-өндірістік запастың айналымдылығы, күн.

**Пайдалылық коэффициенті** компанияның қызметі қаншалықты пайдалы екенін көрсетеді. Коэффициент алынған таза пайданың жұмсалған қаражатқа немесе сатылған өнімнің мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі. Осы топтың негізгі көрсеткішіне мыналар жатады:

### **1.Активтердің пайдалылық коэффициенті:**

$$K_{pa} = \frac{ЧД}{АКТИВЫ} \cdot 100\%,$$

мұнда: ЧД – таза кіріс.

Коэффициент 1 теңге активке шаққанда қанша таза пайда алынғанын көрсетеді.

### **2.Сату пайдалылығының коэффициенті:**

$$K_{pp} = \frac{ЧД}{ЧВ} \cdot 100\%$$

мұнда: ЧВ – таза түсім (жанама салық шегерілген түсім).

Коэффициент сатылған өнімнің әрбір ақшалай бірлігі таза кірістің қанша әкелгенін көрсетеді.

### **3.Меншікті капиталдың пайдалылық коэффициенті:**

$$K_{pck} = \frac{ЧД}{СК} \cdot 100\%$$

мұнда: СК – меншікті капитал.

Коэффициент меншік иесі инвестицияланған капиталды пайдаланудың тиімділігін анықтауға және осы көрсеткішті қаражатты басқа құнды қағазға салғаннан алынуы ықтимал кіріспен салыстыруға мүмкіндік береді.

**Капитал құрылымның ( немесе төлем қабілеттілігінің) көрсеткіші** компанияға ұзақ мерзімді салым салған кредитор мен инвестордың мүддесінің қорғалу дәрежесін сипаттайды. Ол кәсіпорынның ұзақ мерзімді берешекті өтеу қабілетін көрсетеді. Осы топтың негізгі көрсеткішіне мыналар жатады:

**1. Меншікті коэффициент:**

$$K_c = \frac{CK}{BB},$$

мұнда: BB – баланс валютасы.

Коэффициент компания капиталының құрылымындағы меншікті капиталдың үлесін сипаттайды. Инвестор мен кредитор 0,5 – 0,6-ға тең коэффициент кәсіпорын қаржысының тұрақты жай-күйін қамтамасыз етеді деп саналады.

**2. Қаржы тәуекелділігінің коэффициенті:**

$$K_{фз} = \frac{ЗК}{СК},$$

мұнда: ЗК – қарыз капиталы.

Коэффициент фирманың сыртқы қарыздан тәуелділігін сипаттайды. Компанияның қарызы неғұрлым көп болса, осы коэффициент соғұрлым жоғары және кәсіпорынды банкроттыққа ұшыратуы ықтимал жағдай да қауіпті.

**3. Кредитордың қорғалу коэффициенті:**

$$K_{зк} = \frac{НРЭИ}{РП}$$

мұнда: НРЭИ – инвестицияны пайдаланудың нетто-нәтижесі (кредитке қойылатын пайызды және табыс салығы төленгенге дейін алынған кіріс), яғни НРЭИ-ға таза кіріс пен пайыз және корпоративтік табыс салығын төлеуге жұмсалатын шығыс кіреді); РП – кредитке қойылатын пайызды төлеуге жұмсалатын шығыс.

Коэффициент кредиторды берілген кредит үшін пайыз төлемеуден қорғалу дәрежесін сипаттайды.

Кәсіпорынның **нарықтық белсенділігінің коэффициентіне** компания акциясының құны мен кірістілігін сипаттайтын әр түрлі көрсеткіш кіреді. Осы топтың негізгі көрсеткішіне мыналар жатады:

### 1. Бір акцияның пайдалылығы:

$$\text{Акцияға шағылған пайда} = \frac{\text{ЧД} - \text{ДПА}}{\text{КАО}},$$

мұнда: КАО – айналыстағы акция саны,

ДПА- артықшылық акция бойынша дивиденд.

Акцияға шаққандағы пайда айналыстағы бір кәдулігі акцияға таза пайданың қанша үлесі келетінін көрсетеді. Бұл компания акциясының нарықтық құнына ықпал ететін негізгі көрсеткіштің бірі болып табылады.

### 2. Бір акцияға шаққандағы дивиденд нормасы:

$$1 \text{ акцияға шаққандағы дивиденд нормасы} = \frac{1 \text{ акцияға шаққандағы дивиденд}}{1 \text{ акцияның нарықтық құны}}$$

Осы көрсеткіш басқа компанияның осындай көрсеткішімен, сондай-ақ дивидендтің атаулы (жарияланған) нормасымен салыстырып танылады.

### 3. Бір акцияның баланстық құны:

$$1 \text{ акцияның баланстық құны} = \frac{\text{Акционерлік капиталдың құны} - \text{Артықшылықты акцияның құны}}{\text{Айналыстағы кәдулігі акцияның саны}}$$

Бір акцияның есептік құны бухгалтерлік есеп пен есеп беру дерегіне сәйкес бір кәдулігі акцияға шаққандағы акционерлік капиталдың құнын көрсетеді.

### 4. Дивиденд төлеу коэффициенті:

$$\text{Дивиденд төлеу коэффициенті} = \frac{1 \text{ акцияға шаққандағы дивиденд}}{1 \text{ акцияға шаққандағы таза кіріс}}$$

Коэффициент таза кірістің қай бөлігі дивиденд төлеуге жұмсалғанын көрсетеді. Осы коэффициенттің деңгейі түрлі компанияда 0-ден 0,9-ға дейінгі аралықта болуы мүмкін.



# **Корпорация қаржысының жай-күйін бағалау.**

**Кәсіпорын қаржысының жай-күйін бағалау әдістемесі талдаудың мына блогынан құралады:**

- 1) қаржының жай-күйін және есепті кезеңде оның өзгеруін жалпы бағалау (мүлікті және оның қаржыландыру көзінің құрамы мен серпінін талдау және бағалау);
- 2) кәсіпорын қаржысының тұрақтылығын талдау;
- 3) баланстың өтімділігін талдау;
- 4) кәсіпорын қаржысының нәтижесін, іскерлік белсенділігін және төлем қабілеттілігін талдау.

Салыстырмалы талдау балансы бойынша қаржының жай күйін және есепті кезеңде оның өзгерісін бағалау, сондай-ақ қаржының тұрақтылық көрсеткішін талдау қаржының жай-күйін талдаудың қортынды блогы қисынды түрде дамуы тиіс бастапқы пункт болып табылады. Баланстың өтімділігін талдау кезінде ағымдағы төлем қабілеттілігін сақтау мүмкіндігі жөнінде қортынды берілуі тиіс. Салыстырмалы талдау балансы мен қаржының тұрақтылық көрсеткіші қаржының жай-күйінің мәнін көрсетеді. Баланстың өтімділігі қаржының жай-күйінің мәніне байланысты қаржының жай-күйінің сыртқы көрінісін сипаттайды. Талдау есеп деректерімен жағдайда ішкі талдауға жататын мәселеге де үңілу қажет болады. Мәселен, қаржының тұрақтылық факторын зерттегеннен кейін запас пен шығынды ішкі талдау қажет болады, ал баланстың өтімділігінің бағасы дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйін ішкі талдаудың көмегімен нақтыланады.

Қаржының жай-күйінің әр түрлі аспектісін сипаттау үшін талдау барысында абсолюттік көрсеткіші де, қаржының жай-күйінің салыстырмалы көрсеткіші болып табылатын қаржы көрсеткіші де қолданылады. Салыстырмалы көрсеткіш қаржының жай-күйінің абсолюттік көрсеткішіннің немесе оның сызықтық құрамдасының қатынасы түрінде есептеледі. Баланс жүргізудің қалаушылардың бірі Н.А. Блатовтың жіктемесіне сәйкес қаржының жай-күйінің салыстырмалы көрсеткіші бөлу коэффициентіне бөлінеді.

**Бөлу коэффициенті** қаржының жай-күйінің абсолюттік көрсеткіші өзі кіретін абсолюттік көрсеткіш тобының сол немесе басқа бөлігін құрайтынын анықтау қажет болған жағдайда қолданылады. Бөлу коэффициенті мен есепті кезеңде оның өзгеруі төменде көрсетілгендей қаржының жай-күйімен салыстырмалы талдау – нетто бойынша алдын ала таныстыру барысында маңызды рөл атқарады.

**Үйлестіру коэффициенті** қаржының жай-күйінің немесе оның құрамдастырымының мәні бойынша әр алуан экономикалық маңызы түрлі көрсеткіштерінің қатынасын көрсету үшін пайдаланылады.

Қаржы коэффициентінің талданғанда оның мағынасы базистік мөлшермен салыстырылады, содай-ақ оның есепті кезеңдегі және бірқатар жылдағы серпіні зерттеледі. Базистік мөлшер ретінде осы кәсіпорынның уақыт қатары бойынша қаржысының жай-күйі бойынша қолайлы өткен кезеңдегі орташаланған көрсеткішінің мағынасы; орташа салалық көрсеткіштің мағынасы; ең табысты бәсекелестің есеп-қисап дерегі бойынша есептелген көрсеткіштің мағынасы пайдаланылады. Сонымен бірге салыстыру базасы ретінде теориялық жағынан негізделген немесе сараптық сұрату нәтижесінде алынған, сондай-ақ қаржының тұрақты жай-күйі жағынан алып қарағанда салыстырмалы көрсеткіштің оңтайлы немесе сыни мағынасын сипаттайтын мөлшер алынуы мүмкін. Мұндай мөлшер іс жүзінде қаржы коэффициентінің нормативінің рөлін атқарады. Кәсіпорын қаржысының жай-күйін және оның өзгеру үрдісін талдау үшін қаржы коэффициентінің біршама шағын саны жеткілікті болады. Тек осы көрсеткіштің әрқайсысы қаржының жай-күйінің ең елеулі жағын көрсетуі маңызды.

## **Мүліктің және оны қалыптастыру көзінің құрамы мен серпінін талдау және бағалау**

*Кәсіпорын қаржысының жай-күйі қаражатты (активті) орналастырумен және пайдаланумен, сондай-ақ (меншікті капитал мен міндеттеме, яғни пассив) қалыптастырылатын көзбен сипатталады. Осы мәлімет кәсіпорынның балансында берілген.*

*Қаржының жай-күйін анықтайтын негізгі факторға біріншіден, қаржы жоспарын орындау және меншікті айналым капиталын пайда есебінен толықтыру қажеттілігі туындау шамасына орай оны толықтыру, екіншіден, айналым қаражатының айналымдылығының жылдамдығы жатады. Қаржы жоспарының орындалуы негізінен жалпы өндірістік және шаруашылық қызметтің нәтижесіне байланысты, сондықтан шаруашылық қызметтің нәтижесіне байланысты, сондықтан шаруашылық факторлардың жиынтығы қорытынды нәтиже болып табылады. Сөйтіп, кіріс және шығыс, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі есеп қаржының жай-күйін талдау үшін пайдаланылады.*

*Өткен ғасырдың 20-шы жылдары баланс жүргізудің негізін қалаушылардың бірі Н. А. Блатов кәсіпорын қаржысының жай-күйінің құрылымы мен серпінін салыстырмалы талдау балансының көмегімен зерттеуді ұсынады.*

**Салыстырмалы талдау балансы** бастапқы балансты кәсіпорынның есепті кезең ішінде салымы мен қаражат көзінің құрылымының, серпінінің және құрылымдық серпінінің көрсеткіштерімен толықтыру арқылы алынады. Салыстырмалы талдау балансының міндетті көрсеткішіне бастапқы есептік баланстың кезеңнің басы мен сонындағы абсолюттік көрсеткіш; баланс баптарының кезеңнің басы мен соңындағы абсолюттік көрсеткіш; абсолюттік көрсеткіштегі өзгеріс; өзіндік салмақтағы өзгеріс; баланс валютасының өзгеруіне пайыздағы өзгеріс; (құрылымдық өзгерістің өсу қарқыны-құрылымдық өзгеріс серпінінің көрсеткіші); баланс валютасының және әрбір баптың 1%-ға өсу бағасы – абсолюттік өзгеріс мөлшерінің кезең басындағы абсолюттік өзгеріс пайызына қатынасы жатады.

Салыстырмалы талдау балансы әдетте кез келген талдаушы баланспен бірінші рет танысқанда жасайтын есеп және шамалауды біріктіріп жүйеге келтіреді. Салыстырмалы балансқа іс жүзінде деңгейлес және сатылас талдау көрсеткіші кіреді. Деңгейлес талдау барысында межеленген кезең ішінде баланстың әр түрлі бабының абсолюттік және салыстырмалы өзгерісі анықталады, ал сатылас талдаудың мақсаты - өзіндік нетто салмақты есептеу болып табылады. Салыстырмалы баланстың барлық көрсеткішін келесі үш топқа бөлуге болады:

- баланс құрылымының көрсеткіші;
- баланс серпінінің көрсеткіші;
- баланстың құрылымдық серпінінің көрсеткіші.

Қаржының жай-күйінің өзгеруінің жалпы көрінісінің мәнін түсіну үшін баланстың құрылымдық серпінінің көрсеткіші өте маңызды. Актив пен пассивтегі өзгерістің құрылымын салыстырып отырып жаңа қаражат негізінен қай көз арқылы түскенін және осы жаңа қаражат негізінен қай активке салғаны жөнінде қортынды шығаруға болады.

Кәсіпорын қаржысының жай-күйінің серпінін жалпы бағалау үшін баланстың баптарын өтімділік белгісі (актив баптары) мен міндеттемелердің мерзімділігі (пассив баптары) бойынша жекелкген айрықша баптарға топтастыру қажет.

Балансты осындай жүйеленген топтар бойынша оқу деңгейлес және сатылас талдау әдісі қолданылып жүргізіледі. Қаржының жай-күйін өзгекруінің жалпы көрінісін толық көрсету үшін баланстың актив пен пассивінің әрбір тарауы үшін кесте құрылуы мүмкін. Мысалы, запастың жай-күйінің серпіні мен құрылымын зерттеу үшін «баланс активі» деген тараудың дерегіне негізделген кесте пайдаланылады. Осы кестенің бастауышында запастың: келешек кезеңінің шығысы; даяр өнім; өзге запас деген элементін жеке бөлсе дұрыс болады.

*Талдау балансының өзінен кәсіпорын қаржысының жай-күйін бірқатар маңызды сипаттамасын алуға болады. Осы сипаттамаға:*

- кәсіпорын мүлкінің жалпы құны;*
- айналым (мобильді) құрал-жабдықтың құны;*
- дебиторлық берешектің кең мағынадағы мөлшері;*
- бос ақшалай қаражаттың кең мағынадағы сомасы;*
- қарыз капиталының мөлшері;*
- меншікті айналым капиталының мөлшері;*
- баланстық пассиві;*
- кредиторлық берешектің мөлшері жатады.*

*Осы көрсеткіш деңгейлес немесе серпінді талдау кәсіпорын қаржысының жай-күйін сипаттауда маңызды рөл атқаратын оның абсолюттік үстемесі мен өсу қарқынының анықтауға мүмкіндік береді. Қаржының жай-күйін бағалау үшін баланстың активі мен пассивін сатылас, құрылымдық талдаудың маңызы да айтарлықтай.*

*Мәселен, меншікті және қарыз капиталының арақатынасы кәсіпорынның нарық байланысы жағдайында дербестігін, сондай-ақ оның қаржысының тұрақтылығын дәлелдейді. Кәсіпорынның қаржы стратегиясын нақтылау, сонымен бірге қаржысының жай-күйінің келешегін анықтау үшін арнайы экономикалық-математикалық әдісі (орташа үстелу, баланстың жекеленген баптарының іс-әрекетін сипаттайтын функцияны анықтау) пайдалана отырып баланстың ұзақ уақыттағы жекеленген баптарын трендтік талдаудың маңызы ерекше болып табылады.*

*Бухгалтерлік есеп дерегіне сәйкес баланс пассивінен төленбеген төлемді, атап айтқанда мерзімінде төленбеген несиені, жеткізушінің мерзімінде төленбеген төлем талабын, бюджетке төленбеген бересіні және т.б жеке бөлу қажет.*

*Есепті кезеңдегі қаржының жай-күйінің серпінін жалпы бағалау үшін салыстырмалы талдау балансын құрумен қатар баланстың қортындысын өзгерісі есепті кезеңдегі шаруашылық қызметтік қаржы нәтижесінің өзгерісімен, мысалы, жылдық есеп –қисаптың № 2 нысанындағы ақпарат бар өнім сатудан алынған түсімнің өзгерісімен салыстырылады. Егер түсімнің өсімі баланс қортындысының өсімінен асса, онда өткен кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңде кәсіпорынның қаржы ресурсы тиімді пайдаланылған және жағдай керісінше екенін көрсетеді.*

*Тиімділік арттырылған (ұлғайған) «жақсы баланстың» көрсеткіші төмендегідей болады:*

- ағымдағы өтімділік коэффициенті  $>2,0$ ;*
- кәсіпорынның меншікті айналым капиталымен қамтамасыз етілуі  $>0,1$ ;*
- дебиторлық берешек кредиторлық берешектің мөлшерімен сәйкес (үйлесімді);*
- баланста «ауыртпалық түсіретін» баптың (залал, банкіге және бюджетке төленуі тиіс мерзімі өтіп кеткен берешек) болмауы;*
- кәсіпорынның запасы оның қалыптасуы көзінің (меншікті айналым қаражатынан, ұзақ мерзімді кредит пен қарыздан, қысқа мерзімді кредит пен қарыздан ең аз шамасынан аспайды).*
- .*

# Кәсіпорын қаржысының тұрақтылығын талдау

Қаржының жай-күйін және есепті кезеңдегі оның өзгеруінің жалпы сипаттамасын анықтағаннан кейін кәсіпорын қаржысының тұрақтылық көрсеткішін зерттеу – қаржының жай-күйін талдаудың келесі маңызды мәселесі.

Запаспен қамтамасыз етілу және оны қалыптастыру көзіне жұмсалатын шығын көрсеткішін есептеу қаржы ахуалын орнықтылық дәрежесі бойынша жіктеуге мүмкіндік береді.

Қаржы ахуалын төрт түрге жеке бөлуге болады:

1. Қаржының жай-күйінің **абсолюттік орнықтылығы** өте сирек кездеседі және қаржының орнықтылығының ең жетілген түрі.
2. Кәсіпорын қаржысының жай-күйінің **қалыпты орнықтылығы** оның төлем қабілеттілігіне кепілдік береді.
3. Қаржының тұрақсыз жай-күйі төлем қабілеттіліктің бұзылуымен қабаттасады. Осыған қарамастан бұл жағдайда меншікті қаражат көзін толықтыру және меншікті айналым қаражатын ұлғайту есебінен тепе-теңдікті қалпына келтіру мүмкіндігі сақталады. Егер запас пен шығынды қалыптастыру үшін тартылатын қысқа мерзімді кредит пен қарыз қаражатының мөлшері өндірістік запас пен даяр өнімнің (запас пен шығынның ең өтімді бөлігінің) жиынтық сомасынан аспаса, онда қаржының тұрақсыздығы қалыпты (жол берілетін) болып саналады.
4. **Қаржының дағдарыстық жай-күйі** бұл жағдайда кәсіпорынның ақшалай қаражаты, қысқа мерзімжі құнды қағазы мен дебиторлық берешегі оның кредиторлық берешегі мерзімі өткен несиесінің орнын толтырмайды, сол себептен кәсіпорын банкроттық жағдайға ұшырайды.

Соңғы екі жағдайда пассивтің құрылымын оңтайландыру мен қатар запас пен шығын деңгейін негізді түрде төмендету ақылы орнықтылықты қалпына келтіруге болады.

Қаржы орнықтылықтың төрт түрінің әрқайсысының кәсіпорын қаржысының жай-күйінің толық көрінісін сипаттайтын бір тектес көрсеткіштер жиынтығы бар. Осы көрсеткішке запас пен шығынның қаражат көзімен қамтамасыз етілуі коэффициенті: запас пен шығынды қалыптастыру қаражатының артығы (немесе жетіспеуі); қаржының жай-күйінің орнықтылық запасы (кінмен есептелген); 1 мың теңге запасқа шаққандағы қаражатының артығы (немесе жетіспеуі) жатады.

# *Баланстың өтімділігін талдау*

*Нарық жағдайында қаржыны шектеудің күшеюіне және кәсіпорынның кредит төлеу қабілетін бағалау қажет болуына байланысты баланстың өтімділігін талдау қажеттілігі туындайды. Баланстың өтімділігі кәсіпорын міндеттемесінің ақшалай нысанға айналу мерзімі міндеттемені өтеу мерзімімен үйлесетін оның активімен орнын толтыру дәрежесін білдіреді. Активтің өтімділігі – активтің ақшалай нысанға айналу уақыты бойынша баланстың өтімділігінің кері мөлшері болып табылады. Активтің осы түрі ақшалай нысанға айналуы үшін неғұрлым аз уақыт қажет болса, оның өтімділігі соғұрлым жоғары болады.*

*Баланстың өтімділігін талдағанда өтімділік дәрежесі бойынша топталған және өтімділігі кему жағына тәртібінде орналасқан актив бойынша құрал-жабдық және өтеу мерзімі бойынша топталған және мерзімі өсу тәртібінде орналастырылған пассив міндеттеме салыстырылады. Төменде келтірілген топтастыру балансқа қатысты жүзеге асырылады.*

*Кәсіпорынның активі өтімділік дәрежесіне, яғни ақшалай қаражатқа айналу жылдамдығына қарай келесі топтарға бөлінеді:*

*Ең өтімді актив (**A1**) – кәсіпорынның ақшалай қаражаты мен қысқа мерзімді салымы (құнды қағазы).*

*Жылдам сатылатын актив (**A2**) – 12 ай ішінде өтелетін дебиторлық берешек пен өзге айналым активі.*

*Баяу сатылатын актив (**A3**) – «келешек кезеңдегі шығыс» қосылмаған шығыс, сондай-ақ баланстың «Ұзақ мерзімді қаржы салымы» деген 1-тараудың баптары (басқа кәсіпорынның жарғылық қорына салынған салымның мөлшеріне азайтылған).*

*Қиын сатылатын актив (**A4**)- баланстың «негізгі құрал-жабдық және айналымнан тыс өзге актив» деген 1-тарауының өткен топтарға енгізілмеген баптары.*

*1-тараудың қорытындысынан «Ұзақ мерзімді қаржы салымы» деген бапқа көрсетілген соманың бөлігі ғана шегеріледі, сондықтан қиын сатылатын актив құрамында басқа кәсіпорынның жарғылық капиталына салынған салым, есепті күннен кейін 12 ай ішінде өтейтін дебитор ескеріледі.*



*Баланстың пассиві төлену мерзімділігінің дәрежесі бойынша төмендегідей топтастырылады:*

*Ең мерзімді міндеттеме (П1) – кредиторлық берешек.*

*Қысқа мерзімді пассив (П2) – қысқа мерзімді кредит пен қарыз қаражаты.*

*Ұзақ мерзімді пассив (П3) – ұзақ мерзімді пассив пен қарыз қаражаты.*

*Тұрақты пассив (П4).*

*Баланстың өтімділігін анықтау үшін актив пен пассив бойынша келтірілген топтардың қорытындысын салыстыру қажет. Баланс абсолюттік болу үшін арақатынас келесідей болуы тиіс:*

$$A1 \geq П1$$

$$A2 \geq П2$$

$$A3 \geq П3$$

$$A4 \leq П4$$

*Алғашқы үш теңсіздікті орындағаннан кейін төртінші теңсіздікті орындау қажет болады, сондықтан іс жүзінде актив пен пассив бойынша алғашқы үш топтың қорытындысын салыстырудың маңызы бар. Төртінші теңсіздік «баланстаушы» сипатта болады; сонымен бірге осы теңсіздіктің мағынасы экономикалық терең: оны орындау қаржының орнықтылығының ең төменгі шартының сақталғанын, яғни кәсіпорынның меншікті айналым қаражатының барын растайды.*

*Егер бір немесе бірнеше теңсіздікте оңтайлы нұсқада белгіленген белгіге қарама-қарсы белгісі болса, онда баланстың өтімділігі абсолюттік өтімділіктен көп немесе аз дәрежеде айырмашылығы болады. Бұл ретте активтің бір тобында құрал-жабдықтың жетіспеуі басқа топтағы оның артығымен өтеледі, сонымен бірге нақты төлем жағдайында аз өтімді актив бұдан өтімді активтің орнын толтыра алмайды, сол себептен оның құны ғана өтеледі.*

*Баланс өтімділігін талдау кесте түрінде рәсімделеді, оның бағанында есепті кезеңнің басы мен аяғында есептелетін актив пен пассив тобының қорытындысы беріледі.*

*Ең өтімді құрал-жабдық пен жылдам сатылатын активтің мерзімді міндеттемесімен және қысқа мерзімді пассивпен салыстыру ағымдағы өтімділікті анықтауға мүмкіндік береді. Ал баяу сатылатын активті ұзақ мерзімді пассивпен салыстыру келешектегі өтімділікті көрсетеді. Ағымдағы өтімділік кәсіпорынның қарастырылатын сәтке жақын уақыт аралығындағы төлем қабілеттігін (немесе қабілетсіздігін) растайды.*

*Келешектегі өтімділік – келешектегі түсім мен төлемді (актив пен пассивтің тиісті тобында соның тек бөлігі ғана келтірілген, сондықтан болжам жуық шамаланған) салыстыру негізіндегі төлем қабілеттілігінің болжамы болып табылады.*

*Активтің өтімділік дәрежесі мен пассивтегі міндеттемені өтеу мерзімінің сәйкестік дәрежесі шамаланып алыну себебінен баланстың өтімділігін келтірілген сызба бойынша талдау да шамаланып отыр. Бұл жағдайда сыртқы талдауды бухгалтерлік есеп-қисаптың негізінде жүргізген талдаушының қолында бар ақпараттың шектеулі де себеп болды. Сондықтан талдау нәтижесін нақтылау үшін ұсынылған әдістеменің көрсеткішін нақтылайтын арнайы әдісті қолдану қажет. Жеңілдік нормативі арқылы активтің өтімділігі мен міндеттемені өтеу мерзімінің орташа статистикалық бағасына сәйкес актив пен пассив тобы арасындағы баланс баптарының мөлшері қайта бөлінді.*

*Актив пен пассив бойынша бірінші топтың қорытындысын салыстыру, яғни АІ және ПІ (мерзімі 3 айға дейін) ағымдағы төлем мен түсімнің арақатынасын көрсетеді.*

*Жалпы баланстың өтімділігін кешенді бағалау ( $\lambda$ ) үшін келесі формула бойынша есептелінетін өтімділіктің жалпы көрсеткішін пайдалану қажет:*

$$\lambda = \frac{\alpha_1 A_1 + \alpha_2 A_2 + \alpha_3 A_3}{\alpha_1 П_1 + \alpha_2 П_2 + \alpha_3 П_3}$$

*$A_1$   $П_1$*

*Мұнда: - актив пен пассив бойынша тиісті топтың қорытындысы;  
 $\alpha_+$  сарапшы тағайындайтын салмақтық коэффициент.*

*Баланстың өтімділігінің жалпы көрсеткіші кәсіпорынның барлық өтімді құрал-жабдығының сомасының барлық төлем міндеттемесіне (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және орта мерзімді) қатынасын көрсетеді. Мұның өзінде өтімді құрал-жабдық пен төлем міндеттемесінің әр түрлі тобы қаражаттың түсу және міндеттемені өтеу мерзімі жағынан оның маңызы ескерілетін салмақтық коэффициенті бар көрсетілген сомаға кіруі тиіс. Осы көрсеткіш кәсіпорынның әр түрлі есепті кезеңге жататын баланстарын, сондай-ақ әр түрлі кәсіпорындардың балансын, сондай-ақ қай баланс өтімді екенін салыстыруға мүмкіндік береді.*

*Жоғарыда қарастырылған баланс өтімділігінің жалпы көрсеткіші кәсіпорынның ең жақында, ең алыста міндеттемесінің барлық түрі бойынша есеп айырысу қабілетін білдіреді.*

*Корпорацияның қаржы стратегиясы, корпорация қаржысының орнықтылығына қол жеткізудегі оның рөлі мен міндеті*

*Қаржы стратегиясы – кәсіпорынның функционалдық стратегиясының ең маңызды түрі болып табылады. Қаржы стратегиясы кәсіпорынның ұзақ мерзімді қаржы мақсатын қалыптастыру, осы мақсатқа қол жеткізудің ең тиімді жолын таңдау, сонымен бірге сыртқы орта жағдайы өзгерген жағдайда қаржы ресурсын қалыптастыру мен пайдалану бағытын соған барабар нақтылау арқылы оның қаржы қызметінің барлық негізгі бағыты мен қаржы қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.*

*Кәсіпорынның тиімді дамуын қамтамасыз етуде қаржы стратегиясын әзірлеу маңызды рөл атқарады. Қаржы стратегиясының рөлінің маңызы мынада:*

- 1. Әзірлеген қаржы стратегиясы жалпы кәсіпорынның және оның жекелеген құрылымдық бірліктерінің келешектегі экономикалық және әлеуметтік дамуының ұзақ мерзімді жалпы және қаржы мақсатын іске асыру механизмін қамтамасыз етеді.*
- 2. Қаржы стратегиясы кәсіпорынның қаржы мүмкіндігін нақты бағалауға, оның ішкі қаржы әлеуетін барынша пайдалануды әрі қаржы ресурсын ойдағыдай оңтайландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге септігін тигізіледі.*
- 3. Қаржы стратегиясы сыртқы ортаның факторы серпінді өзгеру процесінде пайда болатын келешекті жаңа инвестициялық мүмкіндікті жылдам іске асыруды қамтамасыз етеді.*
- 4. Қаржы стратегиясын әзірлеу кәсіпорын қадағаламайтын сыртқы орта факторының дамуының алдын-ала ықтимал нұсқасын ескереді және кәсіпорын қызметі үшін оның жағымсызсалдарын барынша төмендетуге мүмкіндік береді.*
- 5. Қаржы стратегиясы кәсіпорынның бәсекелестерімен салыстырғанда оның қаржы қызметіндегі біршама артықшылығын көрсетеді.*
- 6. Қаржы стратегиясының болуы кәсіпорынның қаржы қызметін стратегиялық, ағымдағы және жедел басқарудың өзара айқын байланысын қамтамасыз етеді.*
- 7. Қаржы стратегиясы кәсіпорынның ең маңызды стратегиялық қаржы шешіміндегі қаржы іс-әрекетінің тиімділігін іске асыруды қамтамасыз етеді.*
- 8. Қаржы стратегиясы жүйесіндегі ең маңызды қаржыны басқарушылық шешімді таңдаудың негізгі сыни бағасының мағынасы қалыптасады.*
- 9. Әзірлеген қаржы стратегиясы жалпы басқаруды ұйымдастыру құрылымын және кәсіпорынның ұйымдастыру мәдениетін стратегиялық өзгеруінің базистік алғышартының бірі болып табылады.*

*Кәсіпорынның қаржы қызметі саласында негізгі элементтердің стратегиялық жиынтығы қаржыны стратегиялық талдау нәтижесіне негізделеді.*

*Стратегиялық қаржы талдауы – кәсіпорынның дамуының ерекшелігі мен келешекті кезеңдегі оның ықтимал бағытын анықтау мақсатында сыртқы және ішкі орта факторы кәсіпорынның қаржы қызметін жүзеге асыру нәтижесіне жасайтын ықпалын зерттеу процесі. **Кәсіпорынның стратегиялық қаржы жайғасымының моделі** стратегиялық қаржы талдауының түпкілікті өнімі болып табылады. Аталмыш модель кәсіпорын қаржысының дамуының алғышарты мен мүмкіндігін қаржы қызметінің әрбір стратегиялық басымды саласын жеке жан – жақты әрі кешенді сипаттайды.*

*Стратегиялық қаржы талдауының бағыты мен оның объектілерінің мағынасын ескере отырып ол кәсіпорын жұмыс істейтін қаржы ортасын зерттейді. Кәсіпорын жұмыс істейтін **қаржы ортасы деп** кәсіпорын қаржысының қызметін ұйымдастыруға, оның нысаны мен нәтижесіне ықпал ететін жағдайлар мен факторлар жүйесі түсініледі.*

*Жекелеген жағдайлар мен факторлардың жасайтын ықпалының сипатына, сондай – ақ қаржы қызметін жүзеге асыру барысында кәсіпорын тарапынан оны бақылау мүмкіндігіне байланысты кәсіпорын жұмыс істейтін жалпы қаржы ортасының құрамында мына жекелеген түрлерді, яғни;*

- 1. тікелей емес ықпал ететін сыртқы қаржы ортасын;*
- 2. тікелей ықпал ететін сыртқы қаржы ортасын;*
- 3. ішкі қаржы ортасын атап өту қажет.*

***Тікелей емес ықпал ететін сыртқы қаржы ортасы*** - кәсіпорынның қаржы қызметін ұйымдастыруға, оның нысаны мен нәтижесіне ықпал ететін, макрожағдайда бөлінетін және өзі тікелей бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ жағдайлар мен факторлардың жүйесі.

***Тікелей ықпал ететін сыртқы қаржы ортасы*** – кәсіпорынның қаржы операциясы мен мәмілесі бойынша контрагенттерімен және тікелей емес коммуникативтік байланыс процесінде ықпал етуі мүмкін қаржы қарым – қатынасы процесінде қалыптасатын қаржы қызметін ұйымдастыруға, оның нысаны мен нәтижесіне ықпал ететін жағдайлар мен факторлардың жүйесі. Қаржы қызметі бойынша осындай контрагенттермен тиімді қаржы қарым - қатынасты жүзеге асыру кәсіпорынға тиісті жағдайлар мен факторлардың жүйесін өзіне қолайлы бағытта басқаруға мүмкіндік береді.

***Ішкі қаржы ортасы*** – кәсіпорынның қаржы қызметінің басшылары мен мамандары тікелей бақылайтын қаржы қызметінің үздік нәтижесіне қол жеткізу мақсатында оның ұйымы мен нысанын таңдау жасалатын жағдайлар мен факторлар жүйесі. Ішкі қаржы ортасында кәсіпорынға стратегиялық кезеңде қойылған мақсат пен міндетке жетуге мүмкіндік беретін қаржы әлеуеті болады.

*Бұдан әрі осы әдістің әрқайсысының мазмұны қарастырылады. Стратегиялық қаржы талдауы мына тәртіппен жүзеге асырылады:*

***Бірінші кезеңде** – жанама ықпал ететін сыртқы қаржы ортасы талданады.*

***Екінші кезеңде** – тікелей ықпал етпейтін сыртқы қаржы ортасы талданады.*

***Үшінші кезеңде** – ішкі қаржы ортасы талданады.*

***Төртінші кезеңде** – кәсіпорынның стратегиялық қаржы жайғасымы кешенді түрде бағаланады.*

*Стратегиялық қаржы талдауында осы мақсатта PEST – талдау жүйесінде қарастырылатын осы деңгейдегі факторларды топтастыру принципі (осы жүйеде макродеңгей факторларын стратегиялық талдау ғана шоғырланған) пайдаланылады. Аталмыш факторлардың топтары кәсіпорын жұмыс істейтін макроорта PEST аббревиатурасымен сипатталатын оның төрт түріне бөледі:*

*P - саяси – құқықтық орта (political and legal environment);*

*E - экономикалық орта (economic environment);*

*S - әлеуметтік – мәдени орта (sociocultural environment);*

*T - технологиялық орта (technological environment);*

*PEST – талдау жүйесінің кәсіпорынның стратегиялық дамуында өте маңызды рөл атқаратын фактордың құрамын қарастырайық.*



**Саяси- құқықтық ортада** стратегиялық келешекте қаржы қызметінің дамуына негізінен қаржы нарығын, кәсіпорынның қаржы қызметін, елдегі ақша айналысын мемлекеттік реттеу нысаны мен әдістері; жекелеген сала мен қызмет саласын мемлекеттік қолдау саясаты: шетел инвестициясын тарту мен оны қолдау саясаты; кәсіпорын қаржысын жақсарту мен банкроттық тәртіптемесін реттеу; кәсіпорынның қаржы есебінің стандарты ықпал етеді.

**Экономикалық ортада** кәсіпорын қаржысының стратегиялық дамуына экономикалық серпіннің (жалпы ішкі өнімнің және ұлттық кірістің өлшенетін көрсеткішімен өлшенетін) қарқыны; пайдаланылатын ұлттық кірістің тұтыну және жинақтау параметрі; инфляцияның қарқыны; заңды және жеке тұлғаға салық салу жүйесі; ақша айналысының жылдамдығы; валюта бағамының серпіні; ұлттық банкінің есептік ставкасының серпіні айтарлықтай ықпал етеді.

**Әлеуметтік- мәдени ортада** кәсіпорынның қаржы қызметінің дамуына еңбекке қабілетті халықтың білім және мәдени деңгейі; жоғарғы білім беру жүйесінде қаржы қызметі саласының мамандарын даярлау деңгейі; халықтың жүзеге асырылып жатқан нарықтық реформаларға көзқарасы барынша ықпал етеді.

**Технологиялық ортада** кәсіпорын қаржысының стратегиялық дамуына техникалық басқару құралы, қаржы технологиясы мен құралы саласындағы инновация барынша ықпал етеді.

**Тікелей емес ықпал ететін** сыртқы қаржы ортасының жекелеген факторын бағалау процесінде кәсіпорын қаржысының стратегиялық дамуына оның оң («қолайлы мүмкіндік») немесе жағымсыз («қауіпті») ықпалының деңгейі әдетте бес балдық жүйе бойынша бағаланады (қолайлы мүмкіндік «+», ал қауіп «-» белгісімен белгіленеді). Факторлар кәсіпорын қаржысының стратегиялық дамуының жекелеген басымды саласының (бағытының) әрбір сегменті бойынша бағаланады. Тікелей емес ықпал ететін сыртқы қаржы ортасы факторларының бөлігі қалай дамитыны белгісіз екенін ескере отырып, SWOT- талдау және PEST- талдау жүйесі сценарлық бағалау («пессимистік», «реалистік» немесе «оптимистік» болжам нұсқасында) немесе қаржыны сараптамалық стратегиялық талдау әдісімен толықтырылуы мүмкін.

**Тікелей ықпал ететін** сыртқы орта факторларын талдау да SWOT- талдауға негізделеді. Кәсіпорын жұмыс істейтін ортаның осы түрі бойынша қаржыны стратегиялық талдауды жүзеге асыру үшін бір жағынан, кәсіпорынмен қатынас жасайтын субъектілердің топталуы, ал екінші жағынан, стратегиялық кезеңде осы қарым- қатынастардың тиімділігіне ықпал ететін негізгі факторлар алдын- ала жеке бөлінуі тиіс деген талап қойылады.

*Автор жүргізген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендегідей, тікелей ықпал ететін сыртқы қаржы ортасының факторларын стратегиялық талдау процесінде кәсіпорынмен қаржы қатынасын жасайтын субъектілердің мына негізгі алты тобын жеке бөлу қажет:*

- *Шикізат, материал және жатылай фабрика жеткізуші;*
- *Даяр өнімді сатып алушы;*
- *Кәсіпорынға қаржы кредитінің түрлі нысанын беретін кредитор;*
- *Инвестор- мекемелік және жеке;*
- *Сақтандырушы;*
- *Қаржы делдалы.*

***Ішкі қаржы ортасының факторларын талдағанда кәсіпорынның қаржы әлеуеттінің мөлшері ғана емес, сонымен қатар оны пайдаланудың тиімділігі де сипатталады. Әдетте кәсіпорынның қаржы стратегиясын әзірлеу процесінде ішкі қаржы ортасының факторларын зерттеу кәсіпорын қызметінің мықты және осал жақтарын анықтауға бағытталған SWOT- талдауға негізделеді.***

*Кәсіпорынның стратегиялық қаржы жайғасымын кешенді бағалау кәсіпорын жұмыс істейтін қаржы ортасын талдаудың барлық түрінің нәтижесін біріктіреді. Осындай бағалауды жүзеге асыру: 1) Осы кәсіпорында қаржы қызметін жүзеге асырудың негізгі ерекшеліктерін айқын сәйкестендіруге, оның «қаржы тұлғасын» анықтауға; 2) Кәсіпорынның қаржы қызметін басқаруда қол жеткізген нәтижені бағалауға; 3) Кәсіпорын қаржысының дамуындағы және оның қаржысын басқару жүйесінде қозғалған проблеманы табуға; 4) Сыртқы және ішкі ортаның факторын ескере отырып келешекте кәсіпорын қаржысының дамуының мүмкіндігін объективті түрде бағалау; 5) Кәсіпорынның стратегиялық қаржы бастамасының бастапқы жайғасымын белгілеуге мүмкіндік береді.*

*Стратегиялық қаржы мақсаты кәсіпорынның стратегиялық қаржы жайғасымының мүмкіндігін ескере отырып қалыптастырылады және және тиісті стратегиялық шешімге негізделеді.*